

Исламды бөлініске әкелген идеологиялық факторлар мен догматтық ерекшеліктер**Тауекелова Жұлдызай Ақылбекқызы**
ztauyekelova@list.ruЛ.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті Шығыстану кафедрасының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі- Ильясова З.С

Мұсылман мемлекеттерінде алғашқы ғасырларда ислам қоғамда адамдардың қарым-қатынасын реттеп, белгілі бір мөлшерде діни-құқықтық ережелерден тұрды. Христиан дініндегідей, теология исламда діннің өзі пайда болғаннан кейін пайда болды. Сол себепті де догматикалық даулар немесе догматтық мектептер пайда болмай, ортодоксия, дінге сену, ересь туралы сөз қозғау мүлде қате. Христиан дінінде, біз еріксіз исламға қолданып отырған “ересь” сөзі былай тұжырымдалады: “саналы түрде және әдейі, айқын айтылған және тұжырымдалған догматтық сенімнен жалтару немесе бас тарту”. Сонымен қатар христиан теологтары, христиандықтың алғашқы үш ғасырында, әлі догма толығымен қалыптаспаған кездегі, алғашқы байқаусыз догматикалық қателіктерді мойындайды. Исламда адамдар үшін маңызды діни сұрақтарға жауап беретін соборлардың болмауы қай пікірдің дұрыс, ал қай пікірдің еретикалық екенін анықтауға мүмкіндік бермеді. «Православие» мен «бидғат» анықтамасында абсолютті және жалпыға бірдей мойындалған критерийлердің болмауы да ислам догмасының қайнар көздері – Құран мен сүннеттің қарама-қайшылықтылығына байланысты болды, бұл көзқарастардың айтарлықтай әртүрлілігіне мүмкіндік берді. Құранның мазмұны мұсылмандардың санасында келіспеушілік тудырды. Ал мұсылман тәпсіршілері Құрандағы «түсініксіз» өрнектерді, тұспалдарды, қайшылықтарды түсіндірумен айналысуға мәжбүр болды. Ислам догмасының тағы бір қайнар көзі- сүннет, позициялардың одан да көп алуандығын тудырды. Бастапқыда сүннет «жол, бағыт» деген мағынаны білдірсе, кейінірек Мұхаммед пайғамбардың сөздері мен істері туралы аңыздар пайда болды. Пайғамбар сөзіне деген құрмет, хадистердің жазылып, жеткілуіне кедергі келтірмеді, нәтижесінде Мұхаммед пен оның сахабаларының сөздері мен істері туралы жалған және қарама-қайшы ақпараттар көптеп пайда болды. Шынайы дінді шиеленіске әкелген ол, Мұхаммедке қатысты хадис («киссада»): «Жамағат жетпіс үш сектаға бөлінеді, олардың біреуі құтқарылады, қалғандары өледі». «Ал кім құтқарылады?» олар одан сұрады. «Сүннет пен разылық адамдары (әһл әс-сунна әл-жама^а))», – деп жауап берді. «Сүннет пен разылықтың» не екенін түсіндіруді сұрағанда, ол былай деді: «Мен және менің сахабаларым бүгін ұстанатын нәрсе». [1]

Ислам дінінің ішінде әртүрлі мектептер мен ағымдар бар. Олардың ішінде Ислам дінінің ішінде болғандары да, исламмен байланысын үзгендері де жеткілікті. Бұл мектептер мен ағымдарға мазһабтар деген жалпы атау беріледі. Мазһабтың сөздік мағынасы араб тілінде «жол, баратын жер» дегенді білдіреді. Ислам терминологиясында мазһаб – белгілі бір бағыт, ілім, құқықтық-доктриналдық мектеп, дүниетанымдық жүйені білдіретін ауқымды ұғым болып табылады. Ислам тарихында мазһаб сөзі жалпы алғанда сенімдік (ақида, доктриналдық), саяси және құқықтық (фиқһтық) тұрғыда жүйеленген көзқарастардың барлығы үшін қолданылған. Ислам дініндегі мазһабтар негізінен «Құқықтық» және «Доктриналдық» болып екіге бөлінеді. Құқықтық мектептер діннің практикалық жағын реттейді. Доктриналдық мектептер болса діннің теориялық жағын, яғни сенім негіздеріне қатысты мәселелерді қарастырады. [2]

Исламда мазһабқа бөлінушіліктің себептері туралы көптеген еңбектер жазылған. Ислам тарихында діни және саяси топтар қалыптасуы барысында «асхабул мақалат» деп айтылған. Мұның себебі кейбір ғалымдар қоғамдағы оқиғаларға қатысты шағын «мақалалар» жазып, өз көзқарастарын білдіріп отырған. Уақыт өте келе осы мақалалардың негізінде белгілі бір көзқарасты ұстанатын топтар қалыптаса бастайды. Оны жазған адам сол топтың көшбасшысына айналады. Енді бұл топқа, яғни мазһабқа бөлінудің ең алғашқы белгілерінің бірі. Кейіннен «фырқа» деген атау топқа бөлінуді білдіретін ұғым ретінде пайда болады. Фырқа, әр түрлі көзқарастағы адамдар тобы дегенді білдіреді. Мысалы, исламның классик ғалымдарынан Наубахти, шииттік топтарға қатысты жазған еңбегін «Фыракуш-Шиа» (шииттік ағымдар), доктриналдық және саяси топтарды қарастырған Абдулқадыр әл-Багдади кітабын «әл-Фәрқу бәйнәл Фырақ (мазһабтар арасындағы ерекшеліктер)» деп атаған. [4]

Сенімдік және саяси сипаттағы бағыттар ерте кездерде көбіне асхабул-мақалат, фырқа, нихла деп аталса, фикһ, яғни құқықтық мектептерге мазһаб деп айтылған. Құран-Кәрімде тікелей мазһаб деген сөз айтылмайды. Хадистерде де мазһаб сөзі кездеспейді. Хз. Мұхаммед Пайғамбар өзінің үмметінің арасында болатын бөлінушілікті «фырқа» сөзімен білдірген. Классикалық әдебиеттерде де осы ұғым кеңінен орын алған. Ал соңғы уақыттарда барлығын әрі ұғымдық, әрі мазмұндық жағынан қамтитын мазһаб сөзі қолданылатын болған. Жалпы исламдағы мектептер мен ағымдардың (мазһабтардың) қалыптасуына көптеген факторлар ықпал етті.

- **Саяси себептер;** шахристан өзінің еңбегінің кіріспесінде Исламдағы қантөгістерге себеп болған жағдайлардың ең басында халифалық мәселесінің тұрғанын баса айтады. Батыстық шығыстанушылар да мазһабтардың шығуында саяси себептердің маңызды орын алатынын көрсетеді. Хз. Мұхаммед Пайғамбардың өлімінің артынша жасалған жиналыста Әбу Бәкір халифа тағайындалады. Алайда бұл жағдай Саъд ибн Убаданың халифалығын қолдап тұрған ансарлар, пайғамбардың жаназа жұмыстарымен жүріп жиналысқа қатыса алмай қалған және Алидің халифа болуын қалайтын Хашимұлдары, Әбу Бәкірді халифа еткен мухажирлер және бүкіл үміткерлерді мойындамай бейтарап қалушылар болып сахабалардың төртке бөлінуіне әкеп соқты. Мұнымен қоса Осман халифтың билігінің екінші жартысында ортаға шыққан саяси тұрақсыздық ұшыға түсіп халифаның өлтірілуімен аяқталады. Бұл жағдайлар саяси мақсат пен түсінікке негізделген кейбір топтардың қалыптасуына себеп болды. Осы топтар саяси пікірлерін негіздеу немесе саяси мақсаттарының астында жатқан мүдделерін көрсетпеу үшін діни мәтіндерге арқа сүйейді. Алидің әскерінен бөлініп кеткен харижиттер осындай жағдайдан туындаған мазһаб болып табылады. Сондай-ақ халифалық төңірегіндегі талас-тартыстарда Алидің тарапында болғандар уақыт өте келе өзгерген саяси жағдайларға байланысты топтарға бөліне бастайды. Халифалықтың Али мен оның ұлдарына тиесілі екендігі туралы бір көзқараста болғандарымен, жекелеген мәселелерде бір-біріне қайшы бірнеше діни-саяси топтар пайда болады. Саяси себептер харижиттік пен шииттік секілді екі үлкен топтың қалыптасуына себеп болумен қатар, басқа да мазһабтардың пайда болуында маңызды рөл ойнаған.

- **Тайпалық, рушылдық сана:** Тамырын исламнан бұрынғы Жахилия кезеңінен алатын рушылдық, тайпаға бөлінушілік Хз. Мұхаммед Пайғамбардың тұсында исламның жоғарғы моральдық құндылықтарының арқасында тоқтатылғанымен, оның өлімінен кейін қайта бой көрсете бастады. Бірнеше саяси қақтығыстарға, әр түрлі топтардың пайда болуына себеп болды. Осман халифтың өз туыстарын маңызды қызметтерге отырғызуы бұрыннан жалғасып келе жатқан хашими-омейядтар қақтығысын қайта жандандырды және наразылықтардың ең басты себептерінің бірі болды.

- **Әлеуметтік-мәдени себептер:** Хз. Мұхаммед Пайғамбардың кезеңінен бастап жайыла бастаған Ислам діні басқа дін өкілдері (яһуди, христиан және мәжусилер)

тарапынан да қабылданады. Исламды жаю мақсатындағы жорықтардың нәтижесінде исламият Сирия, Палестина, Ирак, Мысыр және Солтүстік Африка, Испания (Андалусия), Иран, Хорасан, Түркістан, Кавказдар және Үндістанға дейінгі ұлан-ғайыр аймақты өз билігіне алады. Бұл жерлерде әр түрлі діни наным өкілдері исламды қабылдайды. Ескі сенімдерін тастап Исламға кірген адамдардың бір бөлігі жаңа діннің негізгі қағидаттарын тез арада үйреніп қабылдаса, келесі бір топ бұған ұзақ уақытқа дейін жатырқаушылықпен қараған. Ал кейбіреулері болса шын мәнінде сенбесе де сенгендей кейіп танытып, өш алу үшін әр түрлі іс-әрекеттерге барған. Исламды қабылдағандардың өздері де жаңа сенім мен дүниетанымдарын ескі наным-сенімдерінің ықпалында қала отырып қалыптастыруға тырысқан. Сайып келгенде бұл себептер де әр түрлі мазһабтардың қалыптасуына жол ашып берген.[6]

Мұсылман қоғамындағы харижиттер бөлініп шыққаннан кейін, Ислам тарихындағы ең үлкен екі бағытқа: сүннизм және шиизмге бөлініс болды. Шиизм исламның басқа секталарына қарағанда мұсылман әлемінде кең тарады. Тіпті, кейбір елдерде мемлекеттің негізгі билеуші конфессиясына айналды. Қазіргі таңда, Иран, Ирак, Йемен мемлекеттеріндегі тұрғындардың басым көпшілігі осы шиизмнің ізбасарлары болып келеді.[7]

Шийттердің төрт тармағы бар, Исмаилиттер (карматтар), “шеткілер” (гулаттар), Зайдиттер, Имамиттер. Сунниттік бағыттың, шийттік бағыттан басты айырмашылықтарының бірі, олар Мұхаммед пайғамбарымыздан кейін адамдар мен Алла тағала арасында елшінің болғандығын және Алидің басқа халифтерден басым ерекше екендігін, әрі оның ұрпақтарының имаматқа (мемлекет басқаруға) толық мұрагер екендігін мойындамайды. Шийттер үшін имаматтық Алла тағаланың әмірі. Сондықтан да болар шийттік баспалардан шыққан Құран кәрімдерде Алиді ерекше марапаттаушы қосымша сүре жазылған. Шийттерде хадистер жинағы Ахбар (жаңалықтар) деп аталады. Шийттіктің елеулі ағымдарының бірі – имамиттер. Олардың пайымдауларына Али тұқымының он бірінші имамы әл-Хасан әл-Аскар (873 ө.ж) дүниеден өткен соң, он екінші имам болып таққа соңғы имамның жасөспірім баласы Мұхаммед отырады, өкінішке орай ол көп ұзамай жоғалып кетеді, кейбір риуайаттарда жасырынып қалады. Оны “жасырын” имам-махди деп атайды. Тарихта бұл жасырын имамға деген сенім талай секталардың дүниеге келуіне негіз болады. Осымен қатар шийттіктер адам өміріне шын сенімі үшін қауіп төнетін болса, оны жан аمانдығы үшін жасыруға, бүркемелеуге болады деп санайды. Оны олар “такыйа” – деп атайды. Такийаның қаталырақ түрдегі нысаны сунниттіктерде де кеңінен қолданылады. Сунниттіктердің айтуларына егер адамға діні үшін қауіп төнетін болса немесе оны басқа дінге кіруге мәжбүр ететіндей жағдай туатын болса, Құран ол адамға бөгде жерге қоныс аударуды бұйырады. Сонымен қатар сунниттіктер шийттіктерде қалыптасқан, өз заманында Омар тыйым салған, уақытша некені де мойындамайды. Бұдан басқа бұл екі бағыттағылардың ғұсыл алуда, дәрет алуда, намаз оқуда және бірқатар ғибадат түрлерін орындау тәртіптерінде өзіндік айырмашылықтары байқалмайды. Барлық мазһабтар, қай мақсатта және қай себеппен шықса да, Құран мен сүннет түсінігіне арқа сүйейді. Десек те, олар осы екі негізгі қайнар көзді түрліше түсініп, әрқалай жорамалдаған. Ғасырлар бойы шииттер «жасырын имамның» қайтып келуін күтті. Мұндай имамға (ғайба) табыну әр түрлі аңыз-әңгімелер желісімен көмкерілген. «Жасырын имам» ілімі шиизмнің әлеуметтік доктринасының маңызды қағидаларының бірі болып табылады. «Жасырын имамға сену, - деп жазады И.Голдциер, - шиалықтың басты концепцияларының бірі. Оның әрбір партиясы соңғы болып саналатын имамның өмірге жаңадан, қайта келуіне сенеді...» Шиалардың «жасырын имам» доктринасы оның жерге қайта оралуы және онда әділдік пен өркендеу патшалығын құру туралы тезисін айналысады. Бұл мессияндық идеялар махдизмнің түрі. Рас, сунниттік ислам да Мәһдиді мойындайды. Бірақ ол шииттерге қарағанда мүлдем басқа

функцияны атқарады. Сүнниттер арасында ол ақыр заман хабаршысы, Мұхаммедтің соңғы мұрагері, діннің жаңғыртушысы, т.б. Шииттерде махди –ғасырлар бойы күткен нақты адам, Әли әулетінен шыққан «жасырын имам». Шиизмнің мессияндық идеялары ондағы шейіттік, азап пен одан құтылу культін тудырды. Шиизм доктринасы өз ізбасарларына барлық адамзаттық мәселелерді идеалды түрде шешуге тиіс «жасырын имамның» келуін шыдамдылықпен күтуді бұйырды. Мұндай елес уәделер бұқараны әлеуметтік пассивтілікке және ойлануға мәжбүр етті.[9] Өз кезегінде, шиизмдегі шейіттік культті, архаизмді әлі күнге дейін дінбасылар қолдайды. Осыған байланысты шииттердің шәһидтігінде маңызды орынды мұсылман күнтізбесі бойынша Мухаррам айының айлық айында тойланатын Шахсей-Вахсей мерекесі алады. Бұл айда шииттер өз ғибадаттарының нұсқаулығын қатаң түрде сақтайды: олар шейіт имамдарын еске алады, қайғысы мен мұңын білдіреді (олар бұл жағдайда шаштарын қимады). Бір сөзбен айтқанда, Мұххарам айында шиалардың ықпалы бұқараның санасы мен психологиясына культ пен догматизм, олардың бойында фанатизм мен діни экстремизмді оятады.

Біз исламның алғашқы тарихында пайда болған негізгі ағымдар мен жікке бөлінулердің жалпы сипаттамасына тоқталдық. Әрине, исламның қайшылықтары жоғарыда сипатталған нәрселермен бітпейді. Тағы да көптеген секталар бар: суннит, шииттер – имамиттер, карматтар, друздар, ассасиндер, алавиттер, бабидтер, беһайиттер және т.б. Исламдағы алауыздықтарды тек тарихта өткен процесс деп қарауға болмайды. Олардың көпшілігі өз көзқарастарын сарқып, өткенге кетті, бірақ олардың кейбіреулері қазіргі исламда әртүрлі діни ағымдар түрінде өмір сүруін жалғастыруда. Қазіргі әлемде діни фактордың, әсіресе исламның рөлінің артуына байланысты бұрынғы жіктік ағымдар мен секталардың архаикалық идеяларының қирандыларынан қайта жаңғыру процесі жүріп жатыр, бірақ ол қазіргі заман рухында реформаланған және жаңартылған түрде.. Негізінде, барлық жаңа ағымдар, қоғамдық бірлестіктер атауларына немесе ұрандарына қарамастан, мақсаттары мен міндеттері исламдық фундаментализм мен радикализмге, азғантай дәрежеде ортодоксальды ислам рухына негізделген. Олардың көпшілігі классикалық ислам рухынан және оның діни толеранттылық идеяларынан алшақтайды, басқа конфессиялар немесе диссиденттер өкілдеріне қатынасы терроризм және экстремизм бағытына алмасқан. Бұл жаңа бағдарламалар мен ұрандардың тамыры өткенмен байланысты, атап айтқанда тарихтағы алғашқы ислам фундаменталисттерінің идеяларына негізделген. Өкілдері; ибн Ханбал (855 ж.), ибн Таймия (қ.б.).1328) және Мұсылман бауырлары (1926) және т.б. Бұл ең алдымен сунниттік исламдағы ваххабизм іліміне қатысты. Бүгінгі таңда оның ағымдары Тек қана мұсылман әлемі елдерінде ғана емес, уахабилік радикализм Еуропада да (Франция, Англия, Германия, Испания, т.б.), яғни дәстүрлі түрде дүние жүзінің мұсылман елдерінде таралған. Ваххабизм ілімі Сауд Арабиясында ресми түрде мойындалған конфессия болып табылады. Жыл сайынғы Меккеге жасалатын үлкен және кіші қажылықтың арқасында, барлық мұсылман жерлеріне, өздерінің уаххабтық идеяларын тарату жұмыстарын жасайды.[10]

Араб мемлекеттері көптген ғасырлар бойы Осман империясының протектораттығында болғаны баршамазға мәлім. Дегенменде, империя өзінің әмірлігін 18ғ әлсірете бастаған болатын. Мемлекет сол тұста бінеше кішкене әмірліктер мен княздіктерге бөлініп кетті. Діни тұрғыдан Арабияның орталық және шығыс бөлігінде мынандай жағдай қалыптасты; исламмен мойындалмаған түрлі пұтқа табынушылық культтердің белең алуы-күн, ай, жұлдыз, ата-баба аруағы және сонымен байланысты түрлі жоралғылар. Еске салатындай, арабтың жергілікті көшпелі тайпалары ешқашанда исламның канондарын толығымен ұсанбаған. Яғни, бәдауи тайпалардың бәріне ортақ, мойындалған діни болмаған. Сол себепті де, араб қауымы исламға дейінгі кезең-джахилияға оралған болатын. Осының барлығын тоқтатып, кіші әмірліктерді орталықтандыру мақсатында, уаххабизм-

жаңа, қуатты діни-саяси қозғалыс күш ретінде. Неджд бен Хиджаз аймағында 18ғ өріс алды.[11]

Ислам дінінің тарихында уаһхабилік деп аталған діни-саяси ағым XVIII ғасырда яғни, 1703-1792 жылдары өмір сүрген Тамим тайпасынан шыққан шейх Мұхаммед ибн Абдул Уаһхабты есімімен байланысты. Оның ата-бабасы бағдаттық дін ғалымы Мухаммед ибн Ханбал (780-855) негізін қалаған ханбалиттік мазһабты ұстанған. 1745 жылы ибн Абдул Уаһхаб Риядтың маңындағы Дария кентіне көшіп келіп, осы аймақтың басшысы Мұхаммед ибн Саудпенен танысып, оның қолдауына ие болады. 1765 жылы Мұхаммед ибн Сауд қайтыс болған соң орнына ұлы Абдулазиз басшы болды. Абдулазиз Абдул Уаһхабтың ой-пікірлері мен көзқарастарын берік ұстанады. Мұхаммед ибн Абдулаһхаб өз ілімін қабыл алмағандарды адасушылар, мүшріктер деп санап, олардың мал-мүлкін тартып алып, оздерін өятіруге болатындығын жариялайды. 1773 жылы олар Рияд қаласын басып алып, басқа аймақтарға да ықпал етуге ұмтылады. Мухаммед ибн Абдул Уаһхаб жолын ұстанушылар Арабияның шығысын мекендеген көтеген тайлаларды біртіндеп бағындырып, аймақтарға өз билігін мойындата бастайды. Хижаз аймағының бірқатар тайпаларын бағындырып, Сирия аумағындағы Мағриб жеріне дейін билігі жүретін болды. Абдул Уаһхаб жолын ұстанушылар Мекке және Мәдина қалаларының дін ғалымдарымен пікір таластырады. Уаһхабишылдар бұл пікірталастарда дәлелдері мен айтқандары негізсіз болғандықтан жеңіліске ұшырады. Уаһхабшылдардың сенімдік ұстанымдары дұрыс емес екендігін мұсылмандарға түсіндіру үшін арнайы құжат дайындалып таратылды. 1792 жылы Мұхаммед ибн Абдул Уаһхаб қайтыс болған соң Абдулазиз ибн Сауд 1802 жылы Кербаладағы Хазіретгі Хусейннің кесенесіне жиналған мыңдаған шейттерді қырғынға ұшыратты. Осы жылы уаһхабшылдар Тайиф қаласын басып алып, қала тұрғындарын қырып, мал-мүлкін тонайды. Уаһхабшылдар 1803 жылы Меккені басып алып, қапада екі аптадай билік етеді. Олар қабірлерді зиярат ету, әулиелер арқылы Аллаһтан жәрдем сұрауды, кез келген істе Аллаһтан басқаға сүйенгенді шірікке қосады. Мекке қаласының әмірі Мәулана Шариф Ғалиб ибн Мұсапад бейбіт халықты аман сақтау үшін уаһхабшылдармен келісімге келді. 1805 жылы Мәдина қаласын басып алып, барлық сахабалар мен әулиелердің қабірлеріне тұрғызылған мазарларды бұздырып тегістеп тастады. Уаһхабшылдар Мысыр және Шам елдерінен келетін мұсылмандарға қажылық етуге тыйым салады.

Уаһхабшылдық ілімі.

Мухаммед ибн Абдул Уаһхабтың діни көзқарастары «Китабу таухид» «Таухид кітабы» және «Кәшфуш Шухубат» «Күмәнді нәрселерді ашу» деген еңбектерде баяндалған. Бұл еңбектер Аллаһқа серік қосу (ширк) және кейіннен пайда болған жаңа амалдар (бидғаттар) жөнінде жазылған. Мухаммед ибн Абдул Уаһхабтың діни ілімі сунниттік ханбалиттік мазһабқа және сәләфилік қағидаттарға негізделген. Абдул Уаһхабтың негізгі ұстанымы мұсылмандарды мөлдір таза исламға шақыру. Абдул Уаһхабтың ілімі үш қағидатқа негізделеді:

1. таухид - Бір кудайға сиыну;
2. дінге қосылған түрлі жанашышдықтан (бидға) бас тарту;
3. шарифатты катаң устану

Жоғарыда атап өткеніміздей, Абдул Уаһхабтың дүниетанымының калыптасуына сәләфилік ұстаным ықпал етті. Сәләфилік сөзі сәләф әс-сәлихин «бұрынғы тақуалар» дегенді білдіреді. Сәлфилік - Пайғамбарымыздың сахабалары және табииндердің, сонымен қатар тақуа имамдардың тұсындағы мөлдір исламды қайта жаңғырту, исламды түрлі жаңашылдықтардан тазалау. Олардың пікірінше, Мұхаммед(с.ғ.с) заманында болмаған нәрсенің барі бидғат. Осының негізінде сәулетті мазарлар мен кесенелер салуға, мұндай жерлерге зиярат ету, қастерлеу күпірлік және табынушылық екендігін айтады. Сәләфишілік

мәлдір таза ислам жолын ұстанушылар, яғни Мұхаммед (с.ғ.с), сахабалар мен табиғиндер ұстанған жолды жаңғырту дегенді білдіреді. Уаһһабшылдық - Құран-Кәрім және сүннетті негізге алатын, бірақ түсіндірме бергенде қатаң пікірді ұстанатын ағым.[12]

Уаһһабшылдық бұрынғы КСРО елдеріне 1990 жылдары кіре бастады. Қазақстанда уаһһабшылдықтың таралуына шет елдің дін уағызшылары, уаһһабшылдық діни түсінігіндегі әдебиеттер, араб елдерінде оқып жатқан студенттер және қажылық парызын орындаушылар арасында осы ағым өкілдерінің идеологиялық үгіт-насихаты, осы ағымды қолдайтын халықаралық ислами ұйымдардың қаржылай көмектері көп рөлін атқарды. Сауд Арабиясында діни білім алған жастар дүниетанымдық және психологиялық өңдеуден өтеді. Жастарға Уаһһаб іліміндегі әдебиеттер, аудио және видео жазбалар беріледі. Уаһһаб ілімін ұстанушылардың дені Сауд Арабиясында оқып келген жастар болып отыр. Уаһһаб ілімін ұстанушылар еліміздің барлық аймақтарында кездеседі. Уаһһаб ілімін ұстанушы топтар өздерін сәләфилерміз деп атайды. Олар дастарханға бата жасау және қасиетті деп саналатын кесене мазарларға зиярат ету дұрыс емес деп санайды. «Салафилер мұсылмандарды Аллаһтың бірлігіне шақыру, ислам дінін хурафат-бидғат амалдардан тазалау, дінімізді пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) заманындағыдай қалпына кайтару, араб әлемін біріктіру сияқты мақсаттарды ұранға айландырып алған» [2]. Қазақ елі үшін ынтымақ, бірлік пен таулықтың төзімділік пен түсіністіктің негізі - ата-бабаларымыз ұстаған ислам діні [13]

Экстремизмнің пайда болу себебі әр қоғамда әр түрлі болады және сол қоғамдағы объективтік және субъективтік жағдайға байланысты. Әйтсе де экстремизмнің пайда болуы мен таралуының базистік жағдайы бар. Ол кез-келген қоғам мен мемлекетке тән. Қазіргі кезеңде экстремизмнің пайда болуының негізгі факторлары ретінде эксперттер мыналарды ұсынады: әлеуметтік экономикалы тоқырау; жергілікті тұрғындардың көп бөлігінің өмір сүру деңгейіні күрт түсуі; мемлекеттік басқару жүйесі мен саяси институттардың деформациясы; олардың қоғамдық дамудың пісіп тұрған мәселелерін шешуге қабілеті жетпеу; саяси режимнің тоталитарлық сипатталуы; биліктегілердің оппозицияны басып тастауы; еркін, жаңаша ойлауды қуғындау; ұлттық қанау; жеке топтардың өз міндеттерін шешуін жеделдетуі; лидерлердің саяси амбициялары және т.б. Бұл негізгі факторлармен қоса ғалымдар экстремизмнің пайда болуы және дамуына әсер ететін қосымша факторларды атап көрсетеді. Оларға халықаралық немесе мемлекеттік жүйеде экстремизм көріністеріне қарсы күрестің осалдығы, тұрғындардың, жеке топтардың саяси және құқықтық мәдениетінің төмендігі, мемлекетаралық қатынастың әлсіреуі, әлеуметтік шиеленістің өсуі т.б.

Дін адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды бөлшегінің біріне айналды. Дін арқылы адамдар арасындағы рухани байланыстан ұлтаралық келісім мен қоғамның беріктігі, адами құндылығы, салт-дәстүрді сақтаудың ең жақсы мүмкіндігін көре білуіміз қажет. Ұлттық мәселелердің дұрыс шешілуі Қазақстанның халықаралық қауымдастықта лайық орынға ие болуына, әлемдік өркениеттің горизонттарынан орын алуға мүмкіндік береді. Қоғамның діни өмірінің демократизациялануы бір жақты он нәтиже бере бермейді. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Бұл көптүрліліктің нәтижесі діни конфессиялар формасы. Бұлардың әр қайсысы өз наным-сенімдерінің қағидаларымен өмір сүреді. Әртүрлі діндердің бір кезеңде, бір этномәдени кеңістікте болуы теологиялық мәселе ғана емес, әлеуметтік мәселе тудыратындығы сөзсіз. Діндердің өзгертуге болмайтын өзіндік діни ілімдері мен дәстүрлері бар, кейбір жағдайларда бір-біріне қайшы келетін, тіпті жоққа шығаратын, дінаралық сұқбат мүмкін болмайтын жақтары да кездеседі. «Сонда шешім қайда? Шешім қандай жағдайда болсын нақтылы болуы шарт. Дерексіз шешім болмайды. Шешім жасау үшін нақтылы тарихи, әлеуметтік, қоғамдық, саяси, мәдени жағдайды есепке алуымыз

керек. Нақтылы жағдай - Қазақстан Республикасы, яғни, мәселе осы мемлекеттің мазмұнына, оның мүддесіне орай шешілуі керек».[13]

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ас-Сади.Қасиетті құранды талдау. Т.І. М.2009.С.384
2. Аш-Шахрастани.Діндер мен секталар туралы кітап. М.,1984. С. 228.
3. См.:Ислам бойынша хрестоматия.,1994. С.109.
4. Аш-Шахрастани.діндер мен секталар туралы кітап. М.,1984. С. 1.
5. Гольдциер И.Ислам жайлы лекция . С. 177.
6. Петрушевский И.П. Ирандағы ислам VII–XV вв. Л., 1966. С. 43.
7. Гольдциер И.Ислам жайлы лекция. С. 180.
8. Беляев Е. А. Мусульманское сектантство. М., 1957. С. 23.
9. Массэ А. Ислам. М., 1982. С. 113. 14. Гольдциер И. Лекции об исламе. С. 184.
10. См.: Массэ А. Ислам. М., 1982. С. 115. 16. Гольдциер И. Лекции об исламе. С. 200.
11. Гольдциер И. Лекции об исламе. С. 200. 18. Беляев Е.А. Мусульманское сектантство. М., 1957. С. 46.
12. Қайрат Жолдыбайұлы «Тәуэссұл» деген не? // Ислам және өркениет. -2007 - №16
13. Қазақстан мұсылмандары Діни басқармасының 2000 жылдан бастап шыққан пәтуалардың бір бөлігі. - Алматы; 2008. - 216 б

УДК 314.745

Миграция граждан Казахстана на территорию Южной Кореи.

Тельгарина Айсулу Кайратовна

telgarina2002@mail.ru

Студент 3 курса образовательной программы «БВ02209-Востокоедение»

Евразийского Национального университета им. Л.Н.Гумилева,

Нур-Султан, Казахстан

Научный руководитель - д.и.н., и.о. профессор Б.Ж. Абжаппарова

Международная миграция – естественное социальное явление, которое, затрагивает большое количество индивидов, семей и стран и приобрело актуальность в 21 веке.. По данным ООН около 280 млн. человек живут за пределами стран своего рождения. В последние годы из-за возрастания мобильности населения, увеличения транспортных возможностей для международных перемещений, отмены виз, облегчения процедур получения въездных документов происходят масштабные миграционные передвижения.

Многие факторы влияют и на расширение нелегальной миграции, которую сложно предупредить, контролировать и тем более регулировать. Также общая трудность заключается в том, что сложно определить масштабы, объёмы, структуру и стратегию нерегулируемой миграции. Принимая решение о миграции, человек сам не осознаёт, что вступает в систему международных отношений и становится элементом дипломатии.

Согласно терминологии Международной Организации по миграции (МОМ) недокументированные трудящиеся-мигранты/трудящиеся-мигранты, пребывающие с